

Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

МЕДИЦИНА ФАКУЛТЕТІ №1

ЕМХАНАЛЫҚ ТЕРАПИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ КЛИНИКАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

# Сөзж

Тақырыбы: Науқастардың ауруға деген психологиялық (мінез-құлықтық) жауаптары

Қабылдаған: К.У.Жолдас

Орындаған: Н.А.Худайбергенова

Түркістан 2011-2012жж



# СТРЕСС

- СТРЕСС-қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі. Ғылымға ең алғаш осы ұғымды енгізген Канадалық физиолог Ганс Селье. Оның анықтамасы бойынша, стресс-өте жағымсыз әсерлерге жауап ретінде туған организмнің қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жинағы. Адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стрестің бірнеше түрлері байқалады.

# Стресс үш кезеңнен тұрады:

- 1) ҮРЕЙЛЕНУ-жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;

2) ТӨЗІМДІЛІК-жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамданады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттерінің жиырылу қабілеті күшейеді;

3) ӘЛСІРЕУ- бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Стрестің көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп, қайғыға батырады.



# ИЛАНДЫРУ

- 1) Адамға сөзбен әсер етудің, үгіт-насихаттың бір түрі. Адам түрлі жағдайда айналасындағылардың іс-әрекетімен қылығына иланып отырады. Нәтижесінде адамның санасында бұрынғы сенімі мен бағыт-бағдарына, күнделікті әдет-ғұрпына қарама-қайшы пікірлерде тууы мүмкін. Иландыру кейде теріс мүдде үшін жүзеге асырылады;



2) медицинада-адам психикасына әсер ету арқылы емдеудің ерекше түрі. Адам жас кезінде иланғыш келсе, білім алып, өмір мектебінен өте, есейе келе оның бойындағы иланғыштық қасиет азая береді.

Иландыру ойдағыдай өту үшін науқас мінезінің ерекшеліктерін, аурудың даму барысын жақсы білу шарт. Науқастың иланғыштығы оның жоғары жүйке жүйесінің қызметінің ерекшеліктеріне тәуелді. Иланғыштық, көбінесе, әсершіл, көңілшек не әлсіз, шаршаған адамдарда байқалады.

Иландырудың тура(тікелей сөзбен әсер ету) және жанама(науқасқа дәрі-дәрмектің, әр түрлі медициналық емшараның жақсв әсерін атап көрсету арқылы) түрлері ажыратылады. Дәрігер сөздерді және сөз тіркестерін қайталау арқылы науқасты гипноздық күйге түсіріп, ұйқы сезімін шақырады. Сөзбен иландыру кезінде дәрігердің бір қалыпты қоңыр дауыспен айтқан сөздері құлаққа жағымды тиеді, науқастың денесін сипау, көк жарықты бір өшіріп, бір жағу немесе жаңбыр тырсылын елестету, т.б. Науқасты елжіретеді.



Жалпыға ортақ ережелерден  
ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет,  
осы ережелерді бұзатын адамдар  
мен әлеуметтік топтардың  
қылықтары;  
Қабылданған құқықтық немесе  
моральдық нормаларды бұзған  
адамның мінез-құлқы.



Адамдардың бір-біріне араласуында түрлі әлеуметтік және психологиялық спецификалы коммуникативтік кедергілер байқалуы мүмкін. Оның себептері – қатынасқан адамдардың, бір-бірінен қатты айырмашылығы болуы, оның ішінде: бірін-бірі түсінбеуі және мамандық, саяси, діни, әлеуметтік көзқарастарының болуы. Коммуникативтік кедергілер тек психологиялық негізінде де дамуы мүмкін, олар адамдардың жекеше (индивидуальды) психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Депрессивті науқастар. Депрессия дегеніміз- психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, өмір сүру перспективасының жоғалуы болып табылады. Әлсіздік, шаршағыштық, салмақты жоғалту, белгісіз ауырсыну сезімі де депрессияның белгілеріне жатады. Қалыпты болашақты армандау, жоспар құру өмірге мағына береді. Депрессия күйіндегі адам, өмір сүру перспексиясын жоғалтады, оған өмірі мағынасыз болып көрінеді.

Уайымшыл науқастар. Мұндай науқастар үнемі болашақтағы мәселелерге, қиындықтарды шешуге ұмтыларда, көп уайымдайды. Олар дерттің асқынуларына, рецидив(қайталану) беруіне, дәрілік заттардың жағымсыз әсерлеріне аса назар аударады. Науқас барлық жағдайларға күмәнмен қарап, сәл нәрсеге дәрігердің, медициналық қызметкерлердің қосымша зерттеуін сұрайды.

Уайымшыл науқастар емдеу шараларының дұрыстығына күмәндіктеп қарайды, сондықтан олар кез келген дерттің жазылуына психологиялық тұрғылан қиындықтар туғызады.



Үндемейтін науқастар. Тәжірибесі жоқ дәрігер әңгімені үнемі жалғатыру керек деп ойлап, науқас үнсіз қалып, сұхбат үзілгенде, өзін жайсыз сезінуі мүмкін. Науқастың үндемеуінің өзіндік мәні мен мағынасы бар. Науқастар өзінің симптомдарын айту барысында қысқа уақытқа ғана үндемей қалады, себебі олар қандай да мәліметті айтпастан бұрын дәрігерге айту, айтпауын оңлап, ойын жинақтайды.

Көңілсіз күйдегі науқастарда немесе деменцияға шалдыққан адамда эмоциясын спонтанды түрде білдіруі бұзылған сұрақтарға қысқа ғана жауап беріп, тез үндемей қалады. Егер дәрігер осындай симптомдарды байқаған болса, науқастың психологиялық статусына аса назар аударғаны жөн.

Дәрігер науқастың қорқыныш сезімін анықтаған жағдайда науқастың жан дүниесін түсіне білуі керек.

Қорқыныш сезімі бой алған науқастарды дәрігер жұбатуы керек.

Алдымен, науқасты не уайымдайтынын анықтап алу қажет. Бұл-науқаста өзіне деген сенімділіктің пайда болуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев,  
Т.С.Хайдарова

Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша  
терминологиялық сөздік.

Қазақ энциклопедия,4-том.